

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
18.11.2020 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 18.11.2020 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Махамбетов Мансұрхан Махамбетұлына беріледі.

МАХАМБЕТОВ М.М. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер, баршаңызға белгілі, Президент Тоқаев жаңа Экология кодексті биылғы жылдың соңына дейін қабылдауды тапсырды.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің стандарттары мен тәжірибесін ескере отырып, экологиялық қатынастарды реттеудегі жаңа тәсілдер негізгі жаңалықтар болып табылады. Жалпы, заң жобасының тұжырымдамасы қоршаған ортаның экологиялық көрсеткіштерін жақсарту және елдің ресурстық әлеуетін сақтау үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

28 қазанда кодекс жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.

Екінші оқылымға дайындық барысында жұмыс тобы негізгі түзетулер бойынша шешімдерді қарап, қабылдады.

Экология кодексін бірінші оқылымда қарау кезінде айтылған ескерту бойынша 98-бап пысықталды, I және II санаттағы объектілер рұқсат беру рәсімдері шеңберінде мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтетін болады, ал III санаттағы объектілер оңайлатылған нысанда өтеді.

Әкімшілендіруді жеңілдету және жақсарту үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бірыңғай жер салығын төлеушілер болып табылатын тұлғаларға экологиялық рұқсатты ресімдеу және экологиялық төлемдерді төлеу талап етілмейді.

Үздік қолжетімді техника бойынша ұлттық анықтамалықтарды әзірлеу тәртібі туралы нормалар күшейтілді. Осылайша, мұндай анықтамалықтар ұлттық стандарттар түрінде емес, Қазақстан Республикасы Үкіметі деңгейінде бекітілуі тиіс екендігі көзделді.

Тиісті өзгерістермен және толықтырулардың негізінде кешенді экологиялық рұқсатты ішінара қайта қарау мүмкіндігі қарастырылды.

Сонымен бірге экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасында іс-шаралар кестесінен басқа, эмиссияларды кезең-кезеңімен төмендету кестесі, сондай-ақ бағдарламаның орындалуына уәкілетті органның жыл сайын мониторинг жүргізуі туралы нормалар болуы тиіс екендігі көзделді. Бұл ретте іс-шаралардың жекелеген кезеңдерінің аяқталу мерзімдерін 1 жылдан аспайтын мерзімге ауыстыру мүмкіндігі беріліп, сондай-ақ экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасының операторы аталған мерзім ішінде анықталған бұзушылықтарды жоймаған кезде рұқсаттың қолданысын автоматты түрде тоқтату қарастырылды. Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасын қайта қарау рәсімінің ашықтығы үшін міндетті қоғамдық тыңдаулар көзделген.

Тау-кен өндіру және металлургия кәсіпорындарының қызметін тоқтату тәуекелін болдырмау мақсатында осындай кәсіпорындардың бұрыннан жинақталып қалған қалдықтарың орналастыруды реттеу үшін кодекстің кейбір нормаларын қолдануды 2036 жылға дейін кейінге қалдыру көзделген, бұл ретте мұндай объектілер, экологиялық рұқсат алынған және оператор қоршаған ортаның құрамдастарына әсер етуге тұрақты мониторинг жүргізген жағдайда ғана мүмкін болады.

Эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізу мерзімдері бойынша 2023 жылға дейін кейінге қалдыру көзделді.

Сондай-ақ кодекске қосымшаларда көрсетілген қызмет түрлері нақтыланып, ауыл тұрғындарының күнделікті күнкөріс шаруашылықтары 3-ші санат қатарына кірмеу үшін тиісті нормалар пысықталды. Мәселен ендігі кезекте аталған санатқа 150 бас және одан да көп ірі кара мал өсіру және көбейту жөніндегі, немесе 500 бас және одан да көп құс өсіру жөніндегі шаруашылықтар жататын болады.

Бірқатар ұсыныстар халықты қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың, кәдеге жаратудың және қайта өңдеудің ұтымды жүйесі туралы хабардар ету мәселелерін реттеуге бағытталған.

Депутаттар экологиялық рұқсаттар беру тәртібі мен мерзімдері туралы нормалардың редакциясын жақсартатын түзетулер енгізді.

Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру және жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу нәтижесінде алынған экономикалық пайда сомаларын анықтау мәселелерін реттейтін нормалар пысықталды.

Жалпы, кодекс жобасы бойынша таныстырылым, жұмыс тобының 37 отырысы, екі көшпелі отырыс, сондай-ақ комитеттің екі кеңейтілген отырысы өткізілді.

Жұмыс тобында депутаттардан, тұрақты комитеттерден, Мәжілістің Заңнама бөлімінен түскен 2,5 мыңнан астам ескертулер мен ұсыныстар қаралды.

Осы айтылғанның негізінде Экология кодексінің жобасын екінші оқылымда мақұлдап, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына жіберуді ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мансұрхан Махамбетұлы.

Құрметті депутаттар, Мансұрхан Махамбетұлы бізге бас комитеттің ұсынысын жеткізді, ол – кодекс жобасын тұтастай мақұлдау. Егер басқа пікірлеріңіз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Құрмет:* құжаттамамен қамтамасыз ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Майф Н.Майдығали.